

Жария сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 26 ақпандағы № 23/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Gold Consortium LLP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 468,0251 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2031 жылдың 23 қаңтарына дейін жария сервитут белгіленсін.

2. "Gold Consortium LLP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. "Gold Consortium LLP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне барлау жұмыстарын жүргізу мерзімдері мен орнын, жерді қалпына келтіру бойынша міндеттемелерді және өзге де шарттарды айқындау үшін "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісім шарт жасасу қажеттілігі туралы ескертілсін.

4. "Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Аманжолов

Ақтоғай ауданы әкімдігінің

2026 жылғы 26 ақпандағы

№ 23/02 қаулысына қосымша

"Gold Consortium LLP" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

р/с №	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы (Кадастрлық нөмірі	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, гектар

1	Ақтоғай ауданының жер қоры	468,0251
---	----------------------------	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК